МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЯ «УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ ЖАНАОЗЕН УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

05.12.2025 №83-НҚ

Жаңаөзен қаласы город Жанаозен

Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының негізгі қорларын көркем әдебиеттермен, ұлттық баспа өнімдерімен, қазақ тіліндегі басылымдармен толықтыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорының қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» №44 бұйрығын *(13.05.2021 ж. өзгертілген және толықтырылған),* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің 25.03.2021 жылғы №18-4/385 шығыс хатты басшылыққа және білім беру мекемелерінің сұранысын негізге ала отырып, оқырмандардың қажеттіліктеріне сәйкес, мектеп кітапханаларының негізгі қорларын көркем әдебиеттермен, ұлттық баспа өнімдерімен, қазақ тіліндегі басылымдармен толықтыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізу кезінде мектептердің сұраныстары қаперге алынсын;

2. Мектептердің сұраныстары бойынша тізім жасақталсын (қосымша–1);

2.1. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ Заңының 7-бабының 7) тармағы негізінде

Оқу орындарының пайдалануларына арналған көркем әдебиеттер мен қосымша әдебиеттердің тізбесін аты-жөні, авторы және баспасы бойынша бекіту (қосымша–2);

3. Кітапханалардың негізгі қорларын оқулықтармен, көркем әдебиеттермен, ұлттық баспа өнімдерімен және қазақ тіліндегі басылымдармен толықтыру мақсатында келесі баспалармен келісім-шарт жасалсын:

«Атамұра» Корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Издательство «Мектеп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Издательство «АРМАН-ПВ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ИП Келешек-2030 баспасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Білім

беру бағдарламалары орталығы» филиалы, «EDU Stream (ЭДУ Стрим)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Аруна LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Study INN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «ММ PUBLICATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Издательство "Steppe&World Publishing"» художественная литература ЖК Өркен, «Астана-кітап» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «ABAIBaspasy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Көкжиек-Горизонт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «InterPress Distribution» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «ENGLISH BOOK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

4. 2024 жылғы Оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу бойынша Заңның 39-бабы 3-тармағының 3-тармақшасы негізінде шартты тікелей жасау жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

5. Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзімде қалдырамын.

Орталық директоры **К. Джамалов**